

Ғылым және Білім министрлігі
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің ректоры
_____ **Б.А.Ердембеков**
«__»_____ 2017 г.

МӘДЕНИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ СЕКТОРЫНЫҢ
Е Р Е Ж Е С І

Басылым қызметтік қолданымға арналған

Ақтөбе қ
2017 ж.

АЛҒЫ

1 ҚАРАЛҒАН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛҒАН 2017 ж

- Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры
Ж.Ж.Қартбаева _____

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры
БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРДІ «__»_____2017 г.

2 ҚОЛДАНУ УАҚЫТЫ - құрылым тарағанша.

2. БІРІНШІ ЕНГІЗІЛДІ

Осы ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара болуы, ресми басылым ретінде таралуы мүмкін емес.

Осы ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ректоры рұқсатымен ғана үшінші тұлғаға беріледі.

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Мәдени-шығармашылық секторы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады, университет жастары арасында мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметті атқарады.

1.2 Мәдени-шығармашылық секторы өз қызметін «ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы, «Білім» туралы заңы, «Мәдениет» туралы заңы, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, Университет Жарғысы, ректордың бұйрығы мен университет проректорларының тапсырысымен және ҚР БҒМ басқа да актілері, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.3 Қазақстан Республикасы заңнамалық актілері, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында» сипатталған құқық, міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді.

1.4 Мәдени-шығармашылық секторды жетекші басқарады, ректордың бұйрығымен, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директорымен келісе отырып тағайындайды және қызметтен босатады.

1.5 Сектордың жұмысы үшін жауапкершілікті мәдени-шығармашылық секторының жетекшісі өз жауапкершілігіне алады.

2 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 Мәдени-шығармашылық секторының құрамына кіреді:

- мәдени-шығармашылық секторының жетекшісі.
- мәдени-шығармашылық секторының әдіскерлері.

3 ФУНКЦИЯЛАРЫ

Мәдени-шығармашылық секторы төмендегідей негізгі ерекшеліктері бар:

3.1 Университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту және іске асыру үшін жағдай жасау;

3.2 Студент жастар арасында жастар саясатын насихаттау және жүзеге асыру;

3.3 Мәдени ортада, өзге шығармашылық ұйымдардан тәжірибелі мамандарды тарту;

3.4 Олыстық, қалалық мәдени шығаршылық жобалар және фестивальды бағдарламаларда студенттік шығармашыл ұйымдарды қатыстыру;

3.5 Мерекелік шараларда, концерттерде сценарий жобасын құруға ат салысу;

3.6 Университетте ауқымды іс-шараларды ұйымдастыру;

4 ҚҰҚЫҚТАРЫ

Мәдени-шығармашылық секторы құқылы:

4.1 Мәдени-шығармашылық секторы университеттегі қоғамдық бірлестік өкілдерінің, студенттер кеңесі мен белсенді студенттердің баяндамаларын, есептерін тыңдауға;

- 4.2 Студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында университеттік клубтар, үйірмелер ашуға;
- 4.3 Мәдени-шығармашылық секторының функцияларына қатысты жұмыстарында, оқу бөліміндегі, факультет декандарындағы және басқа да құрылымдық бөлімшелеріндегі қолжетімді деректерді пайдалануға;
- 4.4 Белгіленген тәртіппен жастар мәселелеріне қатысты университеттің жиналыстарына, кездесулеріне қатысуға;
- 4.5 Мәдени-шығармашылық секторының жұмысын жақсарту мақсатында университет әкімшілігіне ұсыныстарын енгізуге.

5. МІНДЕТТЕРІ

Мәдени-шығармашылық секторының міндеттері:

- 5.1. Университет жастары арасында жастар саясатын насихаттау және жүзеге асыру;
- 5.2. Мәдени-шығармашылық секторына белсенділерді таңдау;
- 5.3. Университеттің қоғамдық өмірінің түрлі салаларына қатысуға студенттердің қызығушылығын арттыру, студенттік ұжымдарды шығармашылық ортада өзара көмекке шақыру;
- 5.4. Жастардың өзін-өзі басқаруына, бос уақытын тиімді пайдалануына жәрдемдесу;
- 5.5. Университетте дәстүрлі және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу, көрнекті мемлекет қайраткерлері, қоғам қайраткерлері, ғылым, мәдениет және өнер қызметкерлерімен кездесу, спорттық іс-шаралар мен жарыстарға қатысу;
- 5.6. Сектордың жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;
- 5.7. Университет бөлімшелерінің және қоғамдық ұйымдардың студенттерді тәрбиелеуге бағытталған мәдени-көпшілік іс-шараларын, семинарлар мен конференциялар өткізу жұмысын ұйымдастыру;
- 5.8. Белгіленген тәртіпке сәйкес, басқа да жоғары оқу орындарының, қалалық, облыстық және республикалық жастар саясаты және жастар ұйымдарының басқармаларымен байланысты нығайту;
- 5.9. Жастарға озық тәжірибе жинақтау және тарату;
- 5.10. Университеттің студент жастары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысты жүзеге асыру;
- 5.11. Әр ұлт өкілдерінің мәдениеттерін құрметтеу және этносаралық қатынастарды нығайтуға бағытталған іс-шараларды (ұлттық мәдениеттердің кеші, концерттер, кездесулер және т.б.) ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 5.12. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттерді тарту, университетте, факультеттерде, академиялық топтарда тәрбие процесін ұйымдастыруда көмек көрсету;
- 5.13. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіндегі және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдардағы студент жастардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 5.14. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекетті дамытуда жастарды белсенді бағытты ұстануға тәрбиелеу;

5.15. Халықаралық қарым-қатынастардың нығаюы мен құрметін қалыптастыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру, өткізу (ұлттық мәдени кештер, концерттер, кездесулер және т.б.);

5.16. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде баяндалған жастардың студенттік құқықтарын құрметтеу.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мәдени-шығармашылық секторы жауапты:

6.1. Мәдени-шығармашылық секторына жүктелген міндеттері және жауапкершілігін, осы ережеде көзделгендей жұмыс сапасының тиісінше орындалуына;

6.2. Мәдени-шығармашылық секторының жетекшісі мен әдіскерлерінің атқарушылық тәртіптікке бағынуына;

6.3. Алынған ақпараттардың құпиялылығын сақтауға;

6.4. Мәдени-шығармашылық секторының жетекшісі мен әдіскері қызметтік этиканы сақтауға;

6.5. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға;

6.6. Университет Жарғысына, қолданыстағы заңнамаға және осы Ережеге көзделген міндеттемелерді орындауға.

7. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

7.1. Мәдени-шығармашылық сектор ректордың барлық нұсқаулары мен бұйрықтарын орындайды.

7.2. Мәдени-шығармашылық секторы өз қызметінде тікелей әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директорына бағынады және оның барлық ауызша немесе жазбаша берген тапсырмаларын қабылдап, орындайды.

7.3. Мәдени-шығармашылық секторының заңды және құқықтық сұрақтары университеттің заң қызметкерінің келісімі бойынша шешіледі.

7.4. Мәдени-шығармашылық секторының функциялары мен міндеттеріне қатысты университеттің барлық құрылымдық бөлімдерімен өзара қарым-қатынас орнатады.

КЕЛІСІЛГЕН:

ӘМЖЖС департаментінің директоры

Ж.Ж.Қартбаева

Қызметкерлерді басқару және
заң қызметі басқармасының басшысы

М.С.Нурушева

Заңгер

М.К.Утегенов

